

**Тәрбиелеу – білім беру процессінің циклограммасы «Айсана» балабақшасы «Балапан» кіші топ 2+
2 апта:07.11-11.11 2022 ж**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-8.20	Балалармен амандасу. балаларға қалай сәлемдесу керектігін үйрету Балалардың киімдерін ауыстыру туралы ата-аналармен әңгімелесу	Балалармен амандасу. балаларға қалай сәлемдесу керектігін үйрету Балалармен серуендеу кезіндегі қауіпсіздік туралы ата-аналармен әңгімелесу	Балалармен амандасу. балаларға қалай сәлемдесу керектігін үйрету Ата-аналармен әңгімелесу, апталық қорытындылау Ата аналарды күн тәртібі сәттерімен таныстыруды жалғастыру	Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай өткізгеніне назар аудару Ата аналарды күн тәртібі сәттерімен таныстыру	Балалармен амандасу. балаларға қалай сәлемдесу керектігін үйрету Ата-аналарды топтағы жұмыс барысымен, сабақтармен таныстыру
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.20-8.30	ДО: «Ыдыстар» Мақсаты: Ыдыстар туралы түсінік беру; заттарды көлемі бойынша салыстыра білуге дағдыландыру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты:балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.	ДО: «Мамандықтарды ата» Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Қимылды ойын: «Аюдың апанында» Мақсаты:балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.	ДО: «Гүлдерді құрастыр» Мақсаты: Гүл ерекшеліктері, мекен ету ортасы, гүлдің пайдасы туралы мағлұмат беру. Қимылды ойын: «Түрлі - түсті көліктер» Мақсаты:балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту.	ДО: «Үй құстарын ата» Мақсаты: үй құстарын атау. Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру Қимылды ойын: «Ұшқыштар» Мақсаты:балаларды бір - біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту	ДО: «Киімдерді ата» Мақсаты: Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету. Төмен ұтқырлық ойыны. "Не өзгерді?" Мақсаты: Балалардың кеңістікте бағдарлануын дамыту. Көрнекі зейінді дамыту

Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар кешені 1				
Таңғы ас 8.45-9.05	«Ас – адамның қуаты» М-ы: Астың денсаулыққа пайдалығын жеткізу. Көркем сөз: «Асың болса, досың көп» Ойын жаттығу : Білсін мұны балалар, Сусыз құрғақ далалар. Сусыз қараң қалалар, Ескертеміз бар ұлға, Ескертеміз бар қызға. Суды босқа ағызба.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.05-9.10	ДО: «Киіз үй бөліктерін ата» Мақсаты: баланың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату, танымдық қабілетін және ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту.	ДО: «Пішіндерді ата» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	ДО: «Үйді құрастыр» Мақсаты: Өртүрлі геометриялық пішіндерден үйлерді құрастыруды үйрету. Үйдің бөліктері қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын айтуға үйрету.	ДО: «Кірпінің саңырауқұлақтарын тап» Мақсаты: негізгі түстерді ажырата, атай білуге үйрету. Шапшаңдылыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	ДО: «Жиһаздарды ата» Мақсаты: Үй ішіне қажетті жиһаздарды дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, т.б.) үйрету. Әрбір енбекпен жасалған бұйымдарға ұқыптылықпен қарауға және жиһаздары күтуге қастерлеуге тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.10-10.15	Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз Жапырақтар сарғайып, Сыбдыр - сыбдыр етеді. Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыру, үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға	Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз Жемісі мол теретін Күз дос екен бізбенен «Төлдер айтысы». Үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, тереңдету. Адамзатқа тигізетін пайдасы туралы олардан алынатын өнімдер жайлы мағлұмат	Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық – ау Үй жануарларының мекен ету ортасы, қоректенуі туралы түсінік беру. Жұмбақ, көрнекіліктер пайдалана отырып, үй жануарларын қорғауға қамқор болуға үйрету. Төлдерінің аттарын атай	Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз Жарқыраған сәулелі Күз әуені төгілді. «Төрт түлік» Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Төрт түлікке не жататынын ұғындыру, олардың пайдасы, адам өміріндегі маңызы туралы білуге үйрету. "	Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз Сап-сары ғып даланы, Бояпты ғой күз деген. Үй жануарлары жайлы түсініктерін молайтып, төлдерін ажырата білуді үйрету, пайдасы жайлы алған білімдерін бекіту. Әңгімелету арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін

	<p>тигізер пайдасын түсіндіру.</p> <p>Үй жануарларына байланысты сұрақ-жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Билингвальды компонент: Сиыр-корова, қой-баран, жылқы-лошадь, ешкі-коза.</p> <p>Әңгімелету арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.</p> <p>Келе ғойшы, лағым, Селтендейді құлағың.</p> <p>Су ішіп ал, кәнеки, Сені күтіп тұрамын.-өлең жолдарын жаттату.</p> <p><u>«Құлыншаққа арналған жол»</u> Балаларға 4 мүмкіндіктің ішінен 2 берілген түс бойынша (қызыл, көк) затты таңдауға үйрету; заттарды түсі бойынша топтастыру іскерлігін бекіту; спектрде</p>	<p>беру. Сиыр және төлі туралы түсінік беру.</p> <p>Балалардың ойлау, қиялдау, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Үй жануарларын қорғауға, оларға қамқорлық жасауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>«Ненің баласы?» Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Түрлі-түсті қарындаштармен дайын үлгідегі бұзаудың суретін бояп, қатты қағаздан сиырдың мүсінін құрастыруды үйрету. Ермексазбен «Кішкентай бұзау» тақырыбында жұмыс жасатып, бастаған жұмыстарын соңына дейін аяқтауды үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Біз күштіміз. Балаларға жаттығу жасауды үйрету. Текшелерден аттап жүруге</p>	<p>және ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына сүйіспеншілікпен тәрбиелеу. Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.</p> <p>Балаларға сурет салуды үйрету, пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету, жоғарыдан төмен қарай сызу арқылы суретін салуды, үйрету, көрсету, достыққа тәрбиелеу, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Билингвалды компонент: Жылқы-лошадь, құлын-жебенек, сиыр-карова.</p>	<p>Жайлауда" өлеңді жатқа айтуға үйрету; Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу; Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру «Аңдарды қоректендір» Ісаны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Дайын қойдың суретін бояуды, ермексаздан қойдың денесін мүсіндеуді үйрету. Үй жануары қой жөнінде толық мағлұмат беріп, жапсыру жолы «жұлма әдісімен» таныстыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру «Ойнағанды жақсы көреміз». Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. «Допты қуып жет» ойыны. 3 м жерден төрттағандап еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету.</p>	<p>арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.</p> <p>Жануарларға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге тәрбиелеу. Таныс геометриялық фигуралардан ертегі кейіпкерлерінің образдарын жасай білуді, кейіпкерлердің көңіл күйі мен қылықтарын бейнелеу үшін ұсақ бөлшектер мен толықтыруды үйрету.</p> <p>Шығармашылық ой-қиялын дамыту. Қостілдік компонент: үй – домик, бақа – лягушка, қоян – зайка, аю – медведь, түлкі – лиса, жануарлар – животныее. «Қоян-менің сүйікті ойыншығым». Ермексазды домалату, шымшу, жалпа йту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету,</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>түстер бояуларын араластырудың ретімен таныстыру.</p> <p>Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Түрлі-түсті қарындаштарды пайдалана отырып, үй жануарларының төлдерінің суреттерін әдемілеп бояу. Ермексазбен ұқыпты, таза жұмыс жасай отырып, лақты мүсіндеу.</p> <p>Дене шынықтыру Допты жерге лақтыру және оны екі қолымен қағып алу. Баланың қимыл қабілетін, шапшандылығын икемділігін, дене бітімін жетілдіріп, ағзаны нығайтуға, адамгершілікке тәрбиелеу; допты жерге дұрыс ұрып, қағып алу дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>дағдыландыру, балалардың дене шынықтыруға деген ынтасын қалыптастыру. Жүгіру, секіру түрлерін түсіндіру. Қозғалмалы ойын: «Құстар мен мысық». Координациялық қабілеттілігін және жылдамдығын дамыту. Ойнаған және жаттыққан қимыл қозғалыстарды есте сақтау.</p> <p>Музыка Пән мұғалімінің жоспарымен</p>		<p>Блингвальды компонент: ойнағанды жақсы көреміз – любим поиграть.</p>	
<p>2-таңғы ас</p>	<p>Балаларды жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына тәрбиелеу, топта, үйде, қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Тамақты мұқият, кішкене бөліктерде алыңыз.</p>				
<p>Серуенге дайындық 10.15-10.45</p>	<p>Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып, киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу.</p>				

Серуен: 10.45-11.30	Серуен №11	Серуен №12	Серуен№13	Серуен №14	Серуен №15
Серуеннен оралу 11.30-11.50	Ойын- жаттығу. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас 11.50-12.15	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сикырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ұйқы 12.15-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары 15.10-15.25	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас 15.25-15.40	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 15.40-16.00	СРО: «Аспазшы» Мақсаты: Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Пісіру әдісін көрсету. Асты қадірлеуге үйрету. Төмен ұтқырлық ойыны. «Фигураны жасаңыз». Мақсаты: тәрбиешінің сигналы бойынша әрекет етуге, бір-біріне соқтығыспай бүкіл алаңды айналып жүгіруге	СРО: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. Төмен ұтқырлық ойыны: «Шыбын-ұшпайды» Мақсаты: Балалардың мұқият тыңдау қабілетін	СРО: «Көліктерге гараж құрастыру» Мақсаты: құрылыс материалдарын атын атауға жаттықтыру, қарапайым затты құрастыруға үйрету. Төмен ұтқырлық ойыны. «Табу және үндемеу». Мақсаты: Балалардың шыдамдылығын, сигнал бойынша қимылдарды орындау қабілетін дамыту. Зейін сапасын дамыту Еңбек: «Ойыншықтарды өз орындарына қой»	СРО: «Біз барамыз қонаққа». Мақсаты: Бірлесіп ойнауға үйрету, ойынға деген қызығушылығын ояту. Төмен ұтқырлық ойыны. «Дауыспен тап». Мақсаты: Балаларды шеңбер бойымен құрастыруға жаттықтыру; кеңістікте шарлау, есту зейінін дамыту Еңбек: «Топта тазалық орнату».	СРО: «Бұл кімге керек?» Мақсаты: балаларға заттарды бүктеу түрлерімен және олардың еңбекте қолданылуы туралы түсіндіру, мамандықтармен таныстыру. Төмен ұтқырлық ойыны: «Табу және үндемеу». Мақсаты: Балалардың шыдамдылығын, сигнал бойынша қимылдарды

	үйрету, қозғалыс координациясын дамыту	дамыту, шеңбер бойымен құрастыру дағдыларын бекіту. Еңбек. Тәрбиешімен бірге демонстрациялық материал дайындау			орындау қабілетін дамыту.Зейін сапасын дамыту Еңбек: «Ойыншықтарды өз орындарына қой»
Балалармен жеке жұмыс	Данирамен жеке жұмыс. ДО: «Не өзгерді?» Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.	Айыммен жеке жұмыс ДО: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.	Русланмен жеке жұмыс. ДО: «Зоологиялық фриздер» Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.	Іңкәрмен,Данамен жеке жұмыс. ДО: «Заттық фриздер» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту	Адинамен жеке жұмыс. ДО: «Не қайда өседі» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту
Серуенге дайындық 16.00-16.10	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.Билингвалды компонент:серуен-прогулка,киім-одежда,аяқ киім-обувь				
Серуен 16.10-16.35	Серуен №16	Серуен №17	Серуен №18	Серуен №19	Серуен №20
Серуеннен оралу 16.35-16.40	Серуеннен оралу, серуендеуден кейін гигиеналық процедуралар, заттарды шкафқа қою.				
Кешкі ас 16.40-17.00	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>СРО «Балабақша» . Мақсаты: балалардың балабақшаның мақсаты, сол адамдардың кәсіптері туралы білімдерін кеңейту. мұнда кім жұмыс істейді. Қимыл қозғалыс ойыны:«Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру</p>	<p>СРО «Отбасы» Мақсаты: балалар арасындағы әлеуметтік ойын тәжірибесін байыту, «Отбасы» сюжеті бойынша ойын дағдыларын дамыту. Қимыл қозғалыс ойыны:«Ұшақтар Ойын шарты: Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді.</p>	<p>СРО «Гүл дүкені» Мақсаты: гүлдерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан дұрыс гүлді табу қабілеттерін бекіту. Қимыл қозғалыс ойыны:«Түрлі түсті моншақтарды тізу» Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету</p>	<p>СРО «Балабақша» . Мақсаты: балалардың балабақшаның мақсаты, сол адамдардың кәсіптері туралы білімдерін кеңейту. мұнда кім жұмыс істейді. Қимыл қозғалыс ойыны:«Күн мен жаңбыр. Ойын шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.</p>	<p>СРО «Хайуанаттар бағы» Мақсаты: Балалардың рөлдік ойынға қызығушылығын арттыру, ойын ортасын құруға көмектесу. Қимыл қозғалыс ойыны: «Не жоқ?» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы 17.00-18.30</p>	<p>Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу. Қимыл-қозғалыс ойыны:« Паравоз » Мақсаты: Балалардың бір інің артына бірі тіркеліп тұрып,паравоз сияқты жүруге,өлең жолдарын қайт ала айтуға үйрету.</p>	<p>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Қимыл-қозғалыс ойыны: « Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.</p>	<p>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу. Қимыл-қозғалыс ойыны: « Қаздар » Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.</p>	<p>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Қимыл-қозғалыс ойыны:«Төбеде доп қуу Мақсаты: Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу</p>	<p>Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу.балабақшаға уақытында келуді айту. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.</p>